




## «Жаңа Қазақстан – жаңа адвокатура»

2022-2025 жылдарға арналған  
қазақстандық адвокатураның даму  
тұжырымдамасы

The background of the slide features a photograph of a classical building facade. At the top, there are two prominent statues: one on the left, a female figure (likely Liberty) with her arms raised, and one on the right, a male figure (likely Justice) holding a scale of justice. Below these are intricate stone carvings and architectural details. The sky is blue with some light clouds.

## Мемлекет Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:

*«Құқықтық мемлекеттің мықты және тәуелсіз адвокатурасыз құрылуы мүмкін емес. Мемлекеттік аппараттың тиімділігі едәуір дәрежеде азаматтар мен кәсіпорындардың құқықтары мен мүдделерін кәсіби қорғау үшін мүмкіндік жасаумен байланысты. Елдегі кәсіпкерлік және инвестициялық белсенділік деңгейі де осыған байланысты. Сондықтан бұл жерде адвокаттардың рөлін асыра бағалау қиын»*

*«Азаматтардың құқықтарын қорғай отырып, құқық қорғаушылардың, оның ішінде адвокаттардың құқықтарын да ұмытуға болмайды. Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу керек»*

*«Құқықтық мемлекеттің маңызды шарты – туралықтан танбайтын әділ сот төрелігінің болуы. Сот жарыспалы қағидат бойынша жүруге және судья айыптаушы жаққа тәуелді болмауға тиіс. Сол үшін адвокат пен прокурордың теңдігін қамтамасыз ету қажет»*




## Осы Концепцияда шешуді талап ететін проблемалардың ішінде мыналар:

- адвокат пен прокурордың тең құқықтылығын қамтамасыз ету
- адвокаттардың мәртебесін нығайту
- адвокаттардың лайықты еңбекақысын белгілеу
- регламенттеуді жақсарту және адвокаттық қызметтің жаңа нысандарын енгізу
- адвокаттық қызметке нақты кепілдігі
- адвокаттардың әлеуметтік және салық проблемаларын шешу
- адвокатураның өзін-өзі басқару ұйымдары мен органдары жұмысының тиімділігі мен кәсіптік беделін көтеру

## Концепция бөлімдері:

1. Мықты адвокатура
2. Адвокатураның тәуелсіздігі
3. Адвокаттың тәуелсіздігін
4. Адвокаттық қоғамдастықтың сот жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстары
5. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестациядан өткізу
6. Адвокаттардың процессуалдық мәртебесін көтеру
7. Адвокат - жоғары ақылы мамандық
8. Адвокаттардың кәсіби этикасы
9. Адвокаттардың біліктілігін арттыру
10. Адвокаттық қызмет нысандарын кеңейту бөлігінде адвокатураны жаңғырту
11. Адвокаттарға қатысты әлеуметтік және салықтық әділдік
12. Адвокаттық рәміздер мен наградалар
13. Адвокатураны цифрландыру
14. Адвокаттар мен бұқаралық ақпарат құралдары
15. Кәсіби және халықаралық ынтымақтастық
16. Қолданыстағы адвокаттар алқалары базасында бірыңғай өзін-өзі реттейтін ұйым құру – күшті адвокатураға жол және халықаралық стандарттардың талабы

# 1. Мықты адвокатура




**Адвокаттардың мүдделерін ілгерілету және құқықтарын қорғау үшін РАА-ның ролін нығайту**

- РАА органдарын реформаттау, уәждеме жүйесін еңгізу және олардың жұмысын айқындату
- Мемлекеттік органдары жанындағы жұмыс топтары, қоғам кеңестері т.б. кіретін белсенді адвокаттар адвокатураның мүдделерін қорғау ы
- Үкімет қаулыларының жобаларын РАА мен келісіп сәйкестендіруін қамтамасыз ету
- Адвокатураның жай-күйі туралы Ұлттық баяндаманы жыл сайын жариялау




## 2. Адвокатураның тәуелсіздігі

- толыққанды өзін-өзі басқаруды енгізу
- адвокатураның өзін-өзі басқаратын ұйымдарына адвокаттарға қатысты кәсіптік және тәртіптік іс жүргізуге рұқсат беруге байланысты мәселелер бойынша айрықша құзырет беру
- мемлекеттік адвокатураны енгізу мүмкіндігі туралы норманы кәсіби заңнан алып тастау
- Республикалық адвокаттар алқасының ішкі нормативтік актілерін уәкілетті органмен келісу туралы нормаларды бейінді заңнан алып тастау



### 3. Адвокаттың тәуелсіздігі

- МКЗК шеңберінде көрсетілетін істер бойынша адвокаттардың қылмыстық процесті жүргізетін органдарға тәуелділігін алып тастау қажет
- адвокаттарды заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы таңдау
- адвокаттарды жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен құпия негізде ынтымақтасатын адамдар ретінде тартуға заң жүзінде тыйым салу
- адвокаттарға қатысты арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын және жасқанды тергеу әрекеттерін жүргізудің ерекше тәртібін енгізу
- адвокаттардың құқықтарын мен кепілдіктерін бұзу бойынша шағымдарды қараудың арнайы тәртібін заңнамалық түрде айқындау, мұндай шағымдарды қызметкерлердің іс-әрекеттеріне шағым жасалған органның қарау мүмкіндігін қоспағанда
- адвокатты өзі заң көмегін көрсететін адаммен теңестіру практикасын тоқтату





## 4. Сот жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстары

- судьялық мамандық неғұрлым тартымды болуы тиіс:
  - лайықты жалақы
  - Этика Кодексінің нақтылығы
- ҚР іс жүргізу заңнамасында құқық қағидаттарының құқық нормаларынан басымдығын қамтамасыз ету
- судьялардың жоғары тұрған соттардан тәуелділігі:
  - Жоғары Сот Кеңесінің тәуелділігін нығайту ( $\geq 50\%$  судьялар, қалғаны – академикалық және кәсіптік қауымдастықтың өкілдері)
  - аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялардың таңдаулылығын еңгізу
  - аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағасы лауазымының күшін жою
  - судьяның кәсіби қызметін бағалау жөніндегі Әдістемелік басшылықты жетілдіру Сот Жюриі тиісті соттың шешімі теріс болған жағдайда да судьяларға шағымды ҚР Жоғары Сот Кеңесінің қарауына бастамашылық жасату

## 4. Сот жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстары (жалғасы)

- алқабилер сотының соттауына жататын істердің санаттарын кеңейту
- мемлекет пен адвокатураның мүдделерін ескере отырып прокуратураға берілген өкілеттіктерді қайта қарау
- судьялардың құқық қорғау органдарынан толық тәуелсіздігін қамтамасыз ету
- судьялар, прокурорлар және адвокаттар мамандықтарын жақындастыру шараларын қабылдау




## 5. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестациядан өткізу

- аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамында төрағасын қоса отырып, көпшілігі адвокаттар болуға тиіс
- комиссияның құрамын, жұмыс регламентін РАА келісімі бойынша бекіту
- емтихан кезеңдерінің бірі ретінде комиссия мүшелерімен әңгімелесуін еңгізу
- кандидаттың құқық пен заңнама негіздерінің қажетті білімінің, сондай-ақ жоғары моральдық және этикалық қасиеттерінің болуын тексеру
- бұрынғы судьяларды, прокурорлар мен тергеушілерді аттестаттаудан өтуден босататын ереженің күшін жою



## 6. Адвокаттардың процессуалдық мәртебесін көтеру (қолжетімділік құқығы)

- адвокаттың соттар мен құқық қорғау органдарының әкімшілік ғимараттарына еркін кіру құқығығын қамтамасыз ету
- құқық қорғау, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың, мекемелердің, компьютерлерді, смартфондарды және т.б. ғимараттарға кедергісіз кіргізу және пайдалану
- адвокаттың өз қорғаушысына кідіріссіз және шектеусіз қолжетімділігі
- қорғаушының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын барлық тергеу және өзге де іс-шараларға адвокаттың қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың өндірісі туралы алдын ала хабарлау
- адвокатты мемлекеттік құпияларға жіберуге арнайы рұқсат алу қажеттілігін жою
- адвокатқа берілетін іс жүргізу құжаттарының тізбесін кеңейту
- қабылданған іс жүргізу шешімдері мен жүргізілетін іс жүргізу әрекеттері туралы адвокатты хабардар етудің нақты шекті мерзімдерін белгілеу





## 6. Адвокаттардың процессуалдық мәртебесін көтеру (адвокаттық қызметтің құқықтары мен кепілдіктерін толыққанды іске асыру)

- адвокатқа қажетті банктік, салықтық, дәрігерлік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын материалдарды алу құқығын нақтылау
- адвокаттың сұрау салуына жазбаша жауап беру міндетін заң түрде бекіту
- адвокаттардың қызметіне кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікті көздеу
- адвокаттың сот сараптамасына тиісті өкілеттіктерін кеңейту
- қылмыстық процесті жүргізген органдарының келтірген зиянды өтеуін пысықтау
- адвокатқа қызметіне ақы төлеуі орындалмаған жағдайда міндеттемелерін орындауды тоқтату құқығын беру
- адвокаттық қызметтің кепілдіктерін кеңейту



## 6. Адвокаттардың процессуалдық мәртебесін көтеру (әрекетсіздігі) және шешімдеріне шағымдану рәсімін жетілдіру

- шағымдарды қарау жөніндегі сот практикасын қорыту
- тергеу судьялары шешімдерінің іс бойынша түпкілікті сот актілеріне сәйкестігі тұрғысынан салыстырмалы талдау жүргізу
- сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кезінде бастама жасаған шағымдарды қарау тәртібін белгілеу
- тергеу судьясының шағымдарды жеке-дара қарауына тыйым салу
- тараптардан алынған материалдардың дұрыстығы мен заңдылығын тексеру жөніндегі міндетін тергеу судьясына жүктеу
- жалған және заңсыз алынған мәліметтерді, құжаттар мен заттарды сотқа ұсынғаны үшін тараптардың жауапкершілігін белгілеу
- тергеу судьяларының шешімдеріне шағымдану үшін аумақтық соттылықты айқындау тәртібін өзгерту
- прокурордың жеке шағымдары мен өтініштерін қарау үшін апелляциялық сатыны автоматты рандомдық (кездейсоқ) таңдауды енгізу
- апелляция процедурасын жақсарту жөніндегі т.б. шаралар





## 7. Адвокат - жоғары ақылы мамандық

- мемлекет бюджет есебінен жүзеге асырылатын барлық заң көмегі түрлерін адвокатураға беру
- мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасына қатысатын адвокаттардың еңбек ақысын көбейту
- тегін заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар тізбесін кеңейту
- адвокаттың қатысуы міндетті болып табылатын істердің санаттарын белгілеу
- мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу бір сағатқа дейін дөңгелектету
- сот процесінде өкілдердің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды өтеуді қамтамасыз ету
- адвокаттарға "сәттілік" ақысын белгілеуге рұқсат беру



## 8. Адвокаттардың кәсіби этикасы

Адвокатура өздігінен адвокаттардың кәсіби этикасын бұзуын алдын алып, анықтап, тоқтатуы қажет

## 9. Адвокаттардың біліктілігін арттыру

- РАА біліктілігін арттыру Орталығын құру
- біліктілікті арттыру сағаттарының есебіне ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалармен сөз сөйлеуді, адвокатураның өзекті проблемалары бойынша ғылыми-практикалық материалдарды жариялауды, адвокатура мүддесі үшін нормативтік актілер мен заңды қорытындыларды, әдістемелік құралдарды әзірлеуге қатысуды, басқа адвокаттардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізуді қарау қажет







## 10. Адвокаттық қызмет нысандарын кеңейту бөлігінде адвокатураны жаңғырту

- адвокаттық қызметтің қазіргі түрлерін реттеу
- адвокаттық қызметті ұйымдастырудың өзге де нысандарын (адвокаттық бюро, адвокаттық алқалар, жауапкершілігі шектеулі серіктестік) енгізу

## 11. Адвокаттарға қатысты әлеуметтік және салықтық әділдік

- адвокаттарға кәсіпкерлік қызметті және өзге де ақы төленетін қызметтерді жүзеге асыруға тыйымын жою
- адвокаттар шағын бизнес субъектілері үшін көзделген арнаулы салық режимдерін пайдалану құқығын беру
- адвокаттарға салық салынатын табыстан шығыстарды шегеруге құқығын беру
- адвокаттарға тиісті әлеуметтік қорғау беру
- «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы бойынша субъектілер тізбесіне адвокат мамандығын енгізу







- 12. Адвокаттық рәміздер мен наградалар
- 13. Адвокатураны цифрландыру
- 14. Адвокаттар мен бұқаралық ақпарат құралдары
- 15. Кәсіби және халықаралық ынтымақтастық
- 16. Қолданыстағы адвокаттар алқалары базасында бірыңғай өзін-өзі реттейтін ұйым құру – күшті адвокатураға жол және халықаралық стандарттардың талабы